Сүрлемдік дақылдар бойынша барлық сүрлемдік дақылдардың (жүгеріден басқасы) алқабы және тек осы алқаптан алынған көк жемшөп өнімінің түсімі көрсетіледі. Жабайы өсімдіктердің, қырыққабат жапырағының, пәлектің, картоп, азықтық тамыржемістілер, қант қызылшасы, тағы сол сияқтылардың, сондай-ақ табиғи шабындықтан орылған шөптерінің көлемі бұл көрсеткішке енгізілмейді.

Біржылдық және көпжылдық шөптер (көпжылдық жабынды шөптер, жаздықтарды егу аяқталғанда сақталған, ағымдағы жылы егілген көпжылдық жабынсыз шөп егісі, өткен жылғы көпжылдық шөптер) бойынша 2-бөлімнің 5-бағанында пішенге, тұқымға, көк жемшөпке және жайылымға пайдаланылған жиналған алқап, соның ішінде жабынсыз көпжылдық шөптердің өткен жылы

күзде егілгені, ал біржылдық шөптер бойынша – оны жинағаннан кейін жаздық дақылдар егілмеген көк жемшөпке пайдаланылған күздік егістер көрсетіледі.

Екпе шөптің, табиғи шабындық пен жайылымның, екпе жайылым мен жақсартылған шабындықтың пішенін есепке алу бойынша 2-бөлімнің 5-бағанына кіріске алынған, соның ішінде қоғамдық мал азығына пайдаланылған, жұмыскерлерге берілген, тапсырылған және сатылған, пішен ұнтағын әзірлеуге пайдаланылған, пішен жиналған алқап енгізіледі.

Екпе шөптің жиналған түсімі, көк жемшөпке (соның ішінде витаминді шөп ұнтағы мен пішендеме әзірлеуге пайдаланылған көк жемшөбін) шабылғаны, ал көпжылдық шөптер бойынша – сүрлемге шабылғаны да, есепте көк жемшөптің салмағымен көрсетіледі. Егер біржылдық және көпжылдық шөптер егісі малды жаюға пайдаланылған болса, онда тек мал жаюға пайдаланылған алқап жазылады , есепте малды жаю арқылы азықтандырылған екпе шөп көк жемшөбінің түсімі көрсетілмейді.

Сүрлемге пайдаланылған көпжылдық шөптер, "сүрлемге (жүгерісіз) арналған мал азықтық дақылдар" бойынша есепте көрсетілмейді.

Егер ауыл шаруашылығы құралымында екінші және үшінші шабындық болса , онда 2-бөлімнің 5-бағаны бойынша есепте шөптің нақты (табиғи) жиналған алқабының, яғни тек бірінші шабындықтағы алқабы ғана көрсетіледі де, ал жиналған түсімге барлық шабындықтан алынған өнім енгізіледі.

Бірінші шабындық пішенге, екіншісі – көк жемшөпке пайдаланылған жағдайда, есепте 2-бөлімнің 5-бағанында нақты жиналған алқап екі рет, біріншісінде – пішенге, екіншісінде – көк жемшөпке жиналған ретінде көрсетіледі.

Егістік шөбінің солуына немесе белгілі бір алқаптың екі рет пайдалануына байланысты біржылдық және көпжылдық шөптердің себілген алқабымен жиналған алқабы сәйкес келмеуі мүмкін.

Пішендемеге ылғалдылығы 50-55% кептірілген шөп жұмсалатындықтан, ол жаңадан шабылған шөпке ауыстырылады. Кептірілген шөпті жаңа шабылған шөпке ауыстыру үшін мынадай шартты коэффициенттер қолданылады:

| Егер пішендемеге жұмсалған кептірілген шөптің % мынадай болса: | онда кептірілген шөптің мөлшерін, мынадай ылғалдылықтағы шөпке қайта есептеген кезде, осы коэффициентке көбейту қажет: | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 67% | 70% | 75% | 80% |
| 50% | 1,52 | 1,67 | 2,0 | 2,5 |
| 55% | 1,36 | 1,5 | 1,8 | 2,25 |

Сүрлемге немесе көк жемшөп ретінде пайдаланылған шөп ешқандай ауыстырусыз табиғи салмағында көрсетіледі.

2-бөлімнің 5-бағаны бойынша табиғи шабындықтардың жиналған алқабына мемлекеттік жер қорынан және орман ұйымдарынан, сондай-ақ басқа шаруашылықтан уақытша пайдалануға бөлінген алқаптан шабылғаны да қоса қамтылады.

Жергілікті жағдайларды ескере отырып, механикаланған шөп жинау мүмкін емес, ауыл шаруашылығы құралымдарының, сондай-ақ мемлекеттік жер қорының және мемлекеттік орман қорының алқаптарында, дайындалған пішеннің табиғи бөлігін беру шартымен жергілікті тұрғындарға шөп оруға рұқсат етілген болса, ауыл шаруашылығы құралымдарының қоймасына өткізілген пішен "жергілікті тұрғындар дайындаған пішеннің шаруашылықпен қабылданғаны" жеке көрсеткішімен көрсетіледі. Пішеннің бұл көлемі табиғи шабындықтарда көрсетілмейді.

Дақылдық жайылымдар және жақсартылған (түбегейлі жақсартылған) шабындықтар бойынша пішенге және көк жемшөпке, пішендемеге, сүрлемге, шөп ұнтағына жиналған алқап пен осы алқаптан алынған өнім көрсетіледі.

Толық піскен жүгері собығының жиналған түсімі бөлек көрсеткішпен көрсетіледі.

Көкөністер бойынша тек ашық топырақтан алынған көкөніс өнімдері есепке алынады, соның ішінде есепте жаппай жиын-терінге дейін және одан кейін ішінара жиналған өнімдер де көрсетіледі.

Тұқымға арналған асбұршақтың көкөністік сортының (жасыл асбұршақ) егістік алқабы, түсімі тұқымдық мақсатқа қалдырылған жағдайда, дәндік дақылдар қатарында емес, көкөніс дақылдарының тұқымдық құрамында есепке алынуы тиіс.

Екі жылдық көкөніс дақылдары аналықтарының және көкөніс дақылдары тұқымдықтарының алқабы және жалпы жинауы, көкөністің алқабына, әрі жалпы түсіміне енгізілмей, жеке көрсетіледі. Біржылдық көкөніс (қияр, қызанақ, тағы басқалар) тұқымдықтарына, өнімі толығымен көкөніс тұқымын алу үшін пайдаланылатын алқап жатады. Біржылдық көкөністерді тұқым алуға ішінара ( іріктеп) пайдаланған жағдайда, олардың алқабы мен өнімі тиісті көкөніс дақылы бойынша көрсетіледі.

Ашық топырақтан жаңадан кесіп алынған гүлдер мың данамен көрсетіледі.

2-бөлімнің 7, 9-бағандарында барлық дақылдар бойынша оны жинаған жұмысы үшін заттай төлем түрінде берілген өнім де көрсетіледі.

Егер шаруашылық түсімді элеваторға тікелей егістік алқабы немесе бастапқы өңдеуден кейін апарған жағдайда 2-бөлімнің 9-бағанында астықтың элеваторда анықталған салмағын көрсету қажет.

Шаруашылықта осы статистикалық нысанды құрастыру кезінде ауыл шаруашылығы дақылдары тұтастай орылып бітпеген болса, жиналуға тиісті

орылмай қалған алқап ауыл шаруашылығы дақылдарынан жиналатын болжамды түсімді бастапқы кіріске алынған салмақта және ұқсатудан кейінгі салмақта, қалыптасқан орташа түсімділікке сүйене отырып анықталады. Бұл ретте ағымдағы жылы өнімді жинау жағдайы ескеріледі және 1 қарашадан кейін жағдайлары осыған ұқсас жылдардағы нақты алынған өнім мөлшері туралы деректер қолданылады.

Бастапқы өңдеу статистикалық нысанды ұсыну мерзімінен кейін аяқталған жағдайда ұқсатудан кейінгі салмақтағы жалпы жинауы туралы деректер бастапқы өңдеуден өткен легі туралы деректердің негізінде есептеледі.

7. 3-бөлімнің 1-бағанында барлық жастағы оқшауланған бақтардың, жидектіктердің және жүзімдіктердің алқабы, ал 3-бөлімнің 3-бағанында – соның ішінде, ағымдағы жылы осы екпе ағаштардан түсім алынғанына немесе алынбағанына қарамастан, жеміс беретін жастағыларының алқабы көрсетіледі.

Жеміс-жидек және жүзім ағаштарының жалпы және жеміс беретін алқабы, соның ішінде есептен шығарылған (есептен шығарылған уағына қарамастан), бірақ томарлары қопарылмаған алқап ескеріледі, осы бағандарға бақтардың оқшауланған учаскелерсінің сиреген (сиреу дәрежесіне қарамастан) нақты алқабы да енгізіледі. Осы бөлімнің 3-бағанына есепті жылы өнім алынған, бірақ есепті құрастыру кезеңіне дейін томарлары қопарылған алқап екпе ағаш алқабына енгізіледі.

Шаруашылықтың белгілі бір оқшауланған учаскесінде екпе ағаштың әртүрлі тұқымдық тобы болған жағдайда (шекілдеуікті және дәнекті), сол тұқымның 1 гектарға отырғызылатын түбір санының қабылданған нормасына аудару арқылы, екпе ағаштардың жалпы көлемі тұқымдық топтар бойынша (шекілдеуікті және дәнекті) бөлінеді. Егер, жеміс беретін екпе ағаштардың осындай жолмен есептелген жекелеген тұқымдық топтарының көлемі оқшауланған учаскенің нақты жалпы көлеміне сәйкес келмесе, оның айырмашылығы екпе ағаш тұқымдық тобының есептелген көлеміне пропорционалды бөлінеді.

Бақтарда жеміс ағаштарының аралығында (қатар аралықтарында) отырғызылған жидекті екпе ағаштары болса (құлпынай, қарақат, қарлыған, тағы сол сияқты), 3-бөлімнің 1 және 3-бағандарында жидекті екпе ағаштарының ауданы жекелеген алқаптардан және жемісті екпе ағаштарының қатар аралықтарындағы алқаптарынан қалыптастырылады.

3-бөлімнің 5-бағанында жалпы түсімі (жеміс беретін кезеңдегі екпе ағаштардан және пайдалануға берілмеген жас екпе ағаштардан), ал 3-бөлімнің 7-бағанында – соның ішінде жеміс беретін жастағы екпе ағаштардан алынған түсімі көрсетіледі. Жидектіктер бойынша жидектіктердің оқшауланған алқабынан, сондай-ақ қатар аралықтарына отырғызылғанынан жиналған жалпы түсім көрсетіледі.

Жабайы жеміс ағаштары және олардан алынған өнім есепке енгізілмейді.

Өсірілген және өткізілген көшеттік материал – шекілдеуікті жемістердің тікпе көшеттері және сүйекті жемістердің тікпе көшеттері, жидекті дақылдардың тікпе көшеттері және жүзімнің тікпе көшеттері мың данамен көрсетіледі.

8. 4-бөлімде ағымдағы жылғы өнімге пайдаланылатын жабық топырақ алқабы және жабық топырақ құрылысының барлық түрінен жиналған өнім түгел көрсетіледі. Алқап тек бірінші айналымнан көрсетіледі.

Гүл және гүл көшеттерін өсіру мың данамен көрсетіледі.

Саңырауқұлақ (мицелия) бойынша саңырауқұлақ өнімдерін өсіруге пайдаланған алқап ескеріліп, жалпы жиналған өнімі көрсетіледі.

9. 5-бөлімде ҚР СТ 1618-2007 "Экологиялық таза өнімдер. Негізгі ережелер" стандарт қағидаларына сәйкес келетін өнім көрсетіледі.

Толтыру кезінде осы бөлім бойынша ақпараттың 2, 3, 4-бөлімдерде көрсетілген дақылдар бойынша тиісті деректерден аспайтындығы ескеріледі.

10. 6-бөлімде тыңайтқыштардың себілген уақытына қарамастан, ашық және жабық топырақтың ауылшаруашылық дақылдары егісіне, сонымен қоса көпжылдық екпе ағаштарға (бақ, жидектік, жүзімдік, тұт ағаштары), табиғи шабындықтар мен жайылымдарға ағымдағы жылдың өніміне енгізілген минералдық және органикалық тыңайтқыштар мөлшері көрсетіледі. Алдағы жылдың өніміне ағымдағы жылы енгізілген тыңайтқыштар мөлшері есепке енгізілмейді.

Есепте минералдық тыңайтқыштар мөлшері құрамындағы қоректік заттардың 100 пайызына қайта есептеліп көрсетіледі.

Қоректік заттар мөлшерінің пайызы туралы деректер шаруашылық жеткізуші зауыттың, бөлімшелердің, базалардың, қоймалардың ілеспе құжаттарынан – төлем талаптары мен сертификаттарынан, шоттарынан алынады.

Тыңайтқыштарды нақты салмағында екі ұдай есептеуге жол бермеу үшін, күрделі тыңайтқыштар бойынша (нитрофоска) тыңайтқыштардың табиғи салмағының мөлшері тек азот тыңайтқышымен, ал қоректік заттар – азотпен, фосформен, тағы басқаларымен көрсетіледі. Осыдан кейін тыңайтқыштың әрбір түрі жиынтықталып, қорытынды деректер есепке тиісті жолдар мен бағандар бойынша енгізіледі.

Есепте әр тыңайтқыш тиісті тобы бойынша жазылады – азотты, фосфорлы немесе калийлі. Ағымдағы жылдың өніміне негізгі тыңайтқыш, сондай-ақ үстеме қорек ретінде енгізілетін минералдық тыңайтқыштардың мөлшері көрсетіледі.

11. 7.1 және 7.2 бөлімдерде минералдық және органикалық тыңайтқыштармен нақты тыңайтылған алқап көрсетіледі.

Нақты тыңайтылған алқап белгілі бір учаскелердегі дақылдардың жалпы егіс көлемінен ағымдағы жылдың өніміне тыңайтқыш енгізілмеген алқаптың көлемін шегеру арқылы анықталады.

Тыңайтылған алқап жалпы жиынтығы бойынша, сондай-ақ әрбір дақылдар бойынша тұтастай егіс көлемінен аспайды.

12. 8-бөлімнің 9.1-ішкі бөлімінде есепті жылғы сабанды ұсақтағышпен жабдықталған комбайндармен егін жинау кезінде сабанды ұсақтау және шашу арқылы дәнді дақылдардың жиналған алқаптары туралы деректер көрсетіледі.

8-бөлімнің 8.2-ішкі бөлімінде сепкіш кешенімен, сондай-ақ анкерлі және қашау тісті сіңіргіштермен жабдықталған тікелей сепкіштермен есепті жылы себілген дәнді дақылдардың алқабы туралы деректер көрсетіледі.

Тікелей сепкіштер ылғалресурсынсақтау технологиясын қолдану кезінде дәнді дақылдарды тікелей себуге мүмкіндік береді.

8-бөлімнің 8.3-ішкі бөлімінде арам шөпке қарсы құрамында глифосаты бар гербицидтермен өңделген алқаптарға есепті жылы себілген дәнді дақылдардың алқабы туралы деректер енгізіледі.

8-бөлімді толтыру кезінде осы бөлім бойынша ақпараттың 2-бөлімде көрсетілген дәнді дақылдар бойынша тиісті деректерден аспау қажеттілігі ескеріледі.

13. Осы нысанды тапсыру қағаз тасығышта немесе электронды форматта жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды форматта толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Интернет-ресурсының (www.stat.gov.kz) "On-line есептер" бөлімінде орналастырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану арқылы іске асырылады.

14. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім "Маусымдық дақылдардың түсімін жинау туралы ақпарат":

1 баған ≤ 3 бағаннан, әр жол үшін;

1 баған ≥ 2 бағаннын, әр жол үшін;

2 баған ≤ 4 бағаннан, әр жол үшін;

3 баған ≥ 5 бағаннын, әр жол үшін;

3 баған ≥ 4 бағаннын, әр жол үшін;

4 баған ≥ 6 бағаннын, әр жол үшін;

5 баған ≥ 6 бағаннын, әр жол үшін;

7 баған ≥ 8 бағаннын, әр жол үшін;

7 баған ≥ 9 бағаннын, әр жол үшін;

8 баған ≥ 10 бағаннын, әр жол үшін;

9 баған ≥ 10 бағаннын, әр жол үшін;

егер 7 баған

≠

0, 5 баған да

≠

0, әр жол үшін;

егер 8 баған

≠

0, 6 баған да

≠

0, әр жол үшін;

2) 3-бөлім "Көпжылдық дақылдардың өнімін жинау туралы ақпарат":

1 баған $\geq$ 3 баған, әр жол үшін;

1 баған $\geq$ 2 баған, әр жол үшін;

2 баған $\geq$ 4 баған, әр жол үшін;

3 баған $\geq$ 4 баған, әр жол үшін;

5 баған $\geq$ 7 баған, әр жол үшін;

5 баған $\geq$ 6 баған, әр жол үшін;

6 баған $\geq$ 8 баған, әр жол үшін;

7 баған $\geq$ 8 баған, әр жол үшін;

егер 5 баған

≠

0, 1 баған да

≠

0, әр жол үшін;

егер 6 баған

≠

0, 2 баған да

≠

0, әр жол үшін;

егер 7 баған

≠

0, 3 баған да

≠

0, әр жол үшін;

егер 8 баған

≠

0, 4 баған да

≠

0, әр жол үшін;

3) 4-бөлім "Жабық топырақта өсірілген ауыл шаруашылық дақылдарының өнімін жинау туралы ақпарат":

егер 2 баған

≠

0, 1 бағанда

≠

0, әр жол үшін;

4) 4.1-ішкі бөлім "Жабық топырақтың гүлдерін жинау туралы ақпарат":

егер 2 баған

≠

0, 1 бағанда

≠

0, әр жол үшін;

5) 6-бөлім "Тыңайтқыштарды енгізу мен қолдану туралы ақпарат":

1 баған ≥ 2 баған, әр жол үшін;

3 баған ≥ 4 баған, әр жол үшін;

5 баған ≥ 6 баған, әр жол үшін;

7 баған ≥ 8 баған, әр жол үшін;

6) 7-бөлім "Ауыл шаруашылығы дақылдарының тыңайтылған алқабы туралы ақпарат":

1 баған ≥ 2 баған, әр жол үшін;

3 баған ≥ 4 баған, әр жол үшін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі Статистика
комитеті төрағасының
2014 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 67 бұйрығына 22-қосымша

Ескерту. 22-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Төрағасының 29.11.2016 № 280 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік бер
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статисти

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық ныса
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюден

| | |
|---|---|
| Аумақтық статистика органына тапсырылады<br>Представляется территориальному органу статистики<br><br>Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады<br>Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz | Статисти<br>сағатпе<br>Время, затр<br>1 сағ<br>до 1 часа |

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және баста туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделге
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие ор правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правон

Статистикалық нысан коды 142112004
Код статистической формы 142112004

А-005

Шағын шаруа немесе фермер қожалықт дақылдарының түсімін жинау туралы

О сборе урожая сел крестьянских или фермерских хозяйствах и хозяйствах на

жыл
год

Есепті
Отчетный период

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

год

Іріктемеге
- Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің 01.1, 01.2, 01.3, 01.5 кодтары бойынша негізгі және қосалқ фермер қожалы
- егістік алқабы, шабындығы және жайылымы, көпжылдық

Представляют попавшие
- крестьянские или фермерские хозяйства с основным и вторичным видами экономической деятельности по численностью работников
- хозяйства населения, имеющие посевные площади, сенокосы и пастбища, многолетние насаждения.

Тапсыру мерзімі – егін жинау аяқталға
Срок представления - в течение 2 нед

| ЖСН коды<br>код ИИН | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | |
|---|---|
| 1. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласындағы қызметті жүзеге асырудың нақты орнын көрсетіңіз – облыс, қала, аудан<br>Укажите фактическое место осуществления деятельности в области выращивания сельскохозяйственных культур - область, город, район | |
| Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (бұдан әрі - ӘАОЖ) сәйкес аумақ коды (статистикалық | |

нысанды қағаз жеткізгіште тапсыру кезінде статистика органының қызметкері толтырады)
Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (далее - КАТО) ( заполняется работником органа статистики при сдаче статистической формы на бумажном носителе)

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

**1.1 Шаруашылық санатын көрсетіңіз (статистика органының қызметкері толтырады) (V)**

Укажите категорию хозяйства (заполняется работником органа статистики) ( V)

| | | | |
|---|---|---|---|
| шаруа немесе фермер қожалығы<br>крестьянское или фермерское хозяйство | ☐ | жұртшылық шаруашылығы<br>хозяйство населения | ☐ |

**2. Маусымдық дақылдардың түсімін жинау туралы ақпаратты көрсетіңіз**

Укажите информацию о сборе урожая сезонных культур

| **АШӨСЖ[1] сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы** Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПСХ[1] | **АШӨСЖ коды** Код СКПСХ | **Шықпай қалған жаздық дақылдардың егіс алқабы, шаршы метрмен** Площадь погибших посевов яровых культур, в квадратных метрах | | **Нақтыланған егістік алқабы, шаршы метрмен** Уточненная посевная площадь, в квадратных метрах | | **Жиналған алқап, шаршы метрмен** Убранная площадь, в квадратных метрах | | **Ауыл шаруашы... жинау, килогра...** Валовой сбор ... культур, в килограммах **алғашқы кірі... алынған салмақ...** в первоначал... оприходованно... весе | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **барлығы** всего | **одан суармалы жерлер** из них орошаемые земли | **барлығы** всего | **одан суармалы жерлер** из них орошаемые земли | **барлығы** всего | **одан суармалы жерлер** из них орошаемые земли | **барлығы** всего | **одан суарм... жерле...** из ни... ороша... земел... |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

**2.1 Ашық топырақта өсірілген гүлдерді жинау туралы ақпаратты көрсетіңіз**

Укажите информацию о сборе цветов открытого грунта

| **Гүлдердің атауы**<br>Наименование цветов | **АШӨСЖ коды**<br>Код СКПСХ | **Жалпы жинау, мың данамен**<br>Валовый сбор, в тысячах штук |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| **Кесілген раушан гүлдер**<br>Розы срезанные | 01.19.21.110 | |
| **Кесілген қалампыр гүлдер**<br>Гвоздики срезанные | 01.19.21.120 | |
| **Кесілген бақытгүлдер**<br>Хризантемы срезанные | 01.19.21.130 | |
| **Өзге де кесілген гүлдер**<br>Цветы срезанные прочие | 01.19.21.190 | |

**2.2 Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін өсіру туралы ақпаратты көрсетіңіз**

Укажите информацию о выращивании отдельных видов продукции растениеводства

| **Атауы**<br>Наименование | **АШӨСЖ коды**<br>Код СКПСХ | **Өсірілген, мың данамен**<br>Выращено, в тысячах штук | А | Б | 1 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кесілген рождестволық ағаштар**<br>Деревья рождественские, срубленные | 01.29.20.000 | | | | |
| **Гүлдердің көшеттері**<br>Рассада цветов | 01.30.10.210 | | | | |
| **Көкөністердің көшеттері**<br>Рассада овощей | 01.30.10.220 | | | | |
| **Жидек дақылдарының көшеттері**<br>Рассада культур ягодных | 01.30.10.230 | | | | |
| **Саңырауқұлақты жер (мицелий)**<br>Грибницы (мицелий) | 01.30.10.400 | | | | |
| **Жемісті және декоративтік ағаштар мен бұталардың екпе көшеттері**<br>Сеянцы деревьев и кустарников, плодовых и декоративных | 01.30.10.500 | | | | |
| **Жемісті және декоративтік ағаштар мен бұталардың тікпе көшеттері**<br>Саженцы деревьев и кустарников, плодовых и декоративных | 01.30.10.600 | | | | |

**3. Көпжылдық дақылдардың түсімін жинау туралы ақпаратты көрсетіңіз**

Укажите информацию о сборе урожая многолетних культур

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Жеміс салу жасындағы** |

| **АШӨСЖ сәйкес екпе ағаштар атауы** Наименование насаждений в соответствии с СКПСХ | **АШӨСЖ коды** Код СКПСХ | **Көпжылдық көшеттер алқабы, шаршы метрмен** Площадь многолетних насаждений, в квадратных метрах | | **Жеміс салу жасында көпжылдық көшеттер алқабы, шаршы метрмен** Площадь многолетних насаждений в плодоносящем возрасте, в квадратных метрах | | **Ауыл шаруашылығы дақылдарын жалпы жинау, килограммен** Валовой сбор сельскохозяйственных культур, в килограммах | | **көпжылдық көшеттер алқабынан жалпы жинау, килограммен** Валовой сбор с площади многолетних насаждений в плодоносящем возрасте, в килограммах | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **барлығы** всего | **одан суармалы жерлер** из них орошаемые земли | **барлығы** всего | **одан суармалы жерлер** из них орошаемые земли | **барлығы** всего | **одан суармалы жерлер** из них орошаемые земли | **барлығы** всего | **одан суармалы жерлер** из них орошаемые земли |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

**4. Қорғалған топырақтағы ауылшаруашылық дақылдарын өсіру туралы ақпаратты көрсетіңіз**

Укажите информацию о выращивании сельскохозяйственных культур защищенного грунта

**4.1 Қорғалған топырақ құрылыстары туралы ақпаратты көрсетіңіз**

Укажите информацию о сооружениях защищенного грунта

| **Құрылыстардың түрі** Виды сооружений | **Коды**[2] Код[2] | **Жылыжайлардың жалпы алаңы, шаршы метрмен** Общая площадь теплиц, в квадратных метрах |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| **Көкөніс өсіруге арналған жылыжайлар** Теплицы для выращивания овощей | 122.911004 | |
| **Гүл өсіруге арналған жылыжайлар** Теплицы для выращивания цветов | 122.911005 | |

**4.2 Қорғалған топырақтағы ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімін жинау туралы ақпаратты көрсетіңіз**

Укажите информацию о сборе урожая сельскохозяйственных культур в защищенном грунте

| **АШӨСЖ сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы** Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПСХ | **АШӨСЖ коды** Код СКПСХ | **Жылыжайлардың пайдаланылатын алқабы, шаршы метрмен** Используемая площадь теплиц, в квадратных метрах | **Жалпы жинау, килограммен** Валовой сбор, в килограммах |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

**4.3 Қорғалған топырақта өсірілген гүлдерді жинау туралы ақпаратты көрсетіңіз**

Укажите информацию о сборе цветов защищенного грунта

| **Гүлдердің атауы** Наименование цветов | **АШӨСЖ коды** Код СКПСХ | **Жылыжайлардың пайдаланылатын алқабы, шаршы метрмен** Используемая площадь теплиц, в квадратных метрах | **Жалпы жинау, мың данамен** Валовый сбор, в тысячах штук |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 |
| **Кесілген раушан гүлдер** Розы срезанные | 01.19.21.110 | | |
| Кесілген қалампыргүлдер Гвоздики срезанные | 01.19.21.120 | | |
| **Кесілген бақытгүлдер** Хризантемы срезанные | 01.19.21.130 | | |
| **Өзге де кесілген гүлдер** Цветы срезанные прочие | 01.19.21.190 | | |

**5. Экологиялық таза өнім (экологиялық таза технологиялар және жабдықтардың көмегімен өндірілген және алынған, жайлы қоршаған ортада тасымалданған және сақталған, құрамындағы зиянды заттар қоршаған ортаға**

**және адам денсаулығына залал келтірмейтін өнім) өндірісі туралы ақпаратты көрсетіңіз (шаруа немесе фермер қожалықтары толтырады)**

Укажите информацию о производстве экологически чистой продукции ( которая произведена и получена при помощи экологически чистой технологии и оборудования, транспортирована и сохранена в благоприятной окружающей среде, содержание вредных веществ в которой, не оказывает вредное воздействие на окружающую среду и здоровье человека) (заполняется крестьянским или фермерским хозяйством)

| **АШӨСЖ сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы**<br>Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПСХ | **АШӨСЖ коды**<br>Код СКПСХ | **Экологиялық таза ауыл шаруашылығы дақылдарын жалпы жинау, килограммен**<br>Валовой сбор экологически чистых сельскохозяйственных культур, в килограммах |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

## 6. Тыңайтқыштарды енгізу мен қолдану туралы ақпаратты көрсетіңіз

Укажите информацию о внесении и использовании удобрений

| **АШӨСЖ сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы**<br>Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПСХ | **АШӨСЖ коды**<br>Код СКПСХ | **Қоректік заттардың 100 %-на есептегендегі минералдық тыңайтқыштарды енгізу, килограммен**<br>Внесение минеральных удобрений в пересчете на 100% питательных веществ,<br>в килограммах | | | | | | **Органикалық тыңайтқыштар, енгізу**, килограммен<br>Внесение органических удобрений,<br>в килограммах | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **азоттық**<br>азотных | | **фосфорлық (фосфор ұнтағын қоса)**<br>фосфорных ( включая фосфорную муку) | | **калийлік**<br>калийных | | | |
| | | | **одан суармалы жерлер** | | **одан суармалы жерлер** | | **одан суармалы жерлер** | | **одан суарм жерле** |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **барлығы** всего | из них орошаемые земли | **барлығы** всего | из них орошаемые земли | **барлығы** всего | из них орошаемые земли | **барлығы** всего | из н ороша земли |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

**7. Ауыл шаруашылығы дақылдарының тыңайтылған алқабы туралы ақпаратты көрсетіңіз**

Укажите информацию об удобренной площади сельскохозяйственных культур

**7.1 Ашық топырақтағы ауыл шаруашылығы дақылдарының тыңайтылған алқабы туралы ақпаратты көрсетіңіз, шаршы метрмен**

Укажите информацию об удобренной площади сельскохозяйственных культур открытого грунта, в квадратных метрах

| **АШӨСЖ сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы** Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПСХ | **АШӨСЖ бойынша коды** Код по СКПСХ | **Минералдық тыңайтқыштармен тыңайтылған алқап** Площадь, удобренная минеральными удобрениями | | **Органикалық тыңайтқыштармен тыңайтылған алқап** Площадь, удобренная органическими удобрениями | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **барлығы** всего | **одан суармалы жерлер** из них орошаемые земли | **барлығы** всего | **одан суармалы жерлер** из них орошаемые земли |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

**7.2. Қорғалған топырақтағы ауыл шаруашылығы дақылдарының тыңайтылған алқабы туралы ақпаратты көрсетіңіз, шаршы метрмен**

Укажите информацию об удобренной площади сельскохозяйственных культур защищенного грунта, в квадратных метрах

| **АШӨСЖ сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы** Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПСХ | **АШӨСЖ бойынша коды** Код по СКПСХ | **Минералдық тыңайтқыштармен тыңайтылған алқап** Площадь, удобренная минеральными удобрениями | **Органикалық тыңайтқыштармен тыңайтылған алқап** Площадь, удобренная органическими удобрениями |
|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 3 |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

**8. Дәнді дақылдарды өсіргенде ылғал ресурсын сақтау технологиясын қолдану туралы мәліметті көрсетіңіз, шаршы метрмен**

Укажите сведения о применении влагоресурсосберегающих технологий при возделывании зерновых культур, в квадратных метрах

| | |
|---|---|
| 8.1. Сабанды ұсақтау және шашу арқылы жиналған дәнді дақылдар алқабы<br>Убранная площадь зерновых культур с измельчением и разбрасыванием соломы | |
| 8.2. Себу кешендерімен, сондай-ақ тікелей сепкіштермен есепті жылы себілген дәнді дақылдар алқабы<br>Площадь зерновых культур, засеянная посевными комплексами, а также стерневыми сеялками, в отчетном году | |
| 8.3. Есепті жылы құрамында глифосаты бар гербицидтермен өңделген дәнді дақылдар алқабы<br>Площадь зерновых культур, обработанная глифосатсодержащими гербицидами, в отчетном году | |

**ШФҚ[3] бойынша толтырылады**

Заполняется по КФХ[3]

**ШФҚ атауы**

Наименование КФХ ____________________________________________________

**ШФҚ мекенжайы**

Адрес КФХ ______________________________________________________

**Телефон**__________

**Пікіртерім жүргізілген немесе деректерді ұсынған адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)** **Қолы** Подпись __________

**Фамилия, имя и отчество (при его наличии)**

опрошенного или предоставившего данные ___________________________________

**Жұртшылық шаруашылықтары бойынша толтырылады**

Заполняется по хозяйствам населения

**Шаруашылықтың мекенжайы**

Адрес хозяйства _____________________________________________ Телефон_________________

**Пікіртерім жүргізілген адамның тегі, аты және әкесінің аты Қолы (бар болған жағдайда)** Подпись_________

Фамилия, имя и отчество (при его наличии) опрошенного ________________________________

**Саяжай учаскелері бойынша толтырылады**

Заполняется по дачным участкам

**Саяжай учаскесінің мекенжайы**

Адрес дачного участка ___________________________________ Телефон _________________

**Пікіртерім жүргізілген адамның тегі, аты және әкесінің аты Қолы (бар болған жағдайда)** Подпись_________

Фамилия, имя и отчество (при его наличии) опрошенного _________________________________

**Интервьюердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) Қолы**

Фамилия, имя и отчество (при его наличии) интервьюера Подпись _____

____________________________________________________________________________________________________________

___________________________

[1] **Мұнда және бұдан әрі АШӨСЖ - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Интернет-ресурсындағы " Жіктеуіштер" бөлімінде орналасқан "Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтердің) статистикалық жіктеуішіне" сәйкес толтырылады**

[1] Здесь и далее СКПСХ - заполняется согласно "Статистическому классификатору продукции (услуг) сельского, лесного и рыбного хозяйства", размещенному на Интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан в разделе "Классификаторы"

[2] **Мұнда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Интернет-ресурсындағы "www.stat.gov.kz // Респонденттерге // Статистикалық нысандар // Жылдық // А-005" сілтемесі бойынша орналасқан " Объектілер және қуаттар түрлерінің тізіміне" сәйкес толтырылады**

[2] Здесь заполняется согласно "Перечню видов объектов и мощностей", размещенному на интернет - ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан по ссылке "www.stat.gov.kz // Для респондентов // Статистические формы // Годовые формы//А-005".

[3] **Мұнда және бұдан әрі ШФҚ - шаруа немесе фермер қожалықтары**

[3] Здесь и далее КФХ - крестьянские или фермерские хозяйства

Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі Статистика
комитеті төрағасының
2014 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 67 бұйрығына 23-қосымша

# "Шағын шаруа немесе фермер қожалықтары мен жұртшылық шаруашылықтарындағы ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімін жинау туралы" (коды 142112004, индексі А-005, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. 23-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Төрағасының 29.11.2016 № 280 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы "Шағын шаруа немесе фермер қожалықтары мен жұртшылық шаруашылықтарындағы ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімін жинау туралы" (коды 142112004, индексі А-005, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Шағын шаруа немесе фермер қожалықтары мен жұртшылық шаруашылықтарындағы ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімін жинау туралы" (коды 142112004, индексі А-005, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында келесі анықтамалар қолданылады:

1) ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтердің) статистикалық жіктеуіші (бұдан әрі – АШӨСЖ) – экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімді жіктеу және кодтау тәртібін белгілейтін жіктеуіш;

2) ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі – тауарлы ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға;

3) бастапқы кіріске алынған салмақ – түсімді жинау кезінде тазартпай алғандағы, арамшөбімен және минералдық қоспаларымен (топырақ, топырақ түйірі, собық масағы және өзге де қоспалар), сондай-ақ артық ылғалдығымен қоса нақты салмағы;

4) егістік алқап – ауыл шаруашылығы дақылдарымен егілген егістік жерлер;

5) жалпы жинау – әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық егістігінен, ауыл шаруашылығы екпелерінен немесе басқа ауыл шаруашылығы жерлерінен өндірілген (жиналған) өнім;

6) жұртшылық шаруашылығы – халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары, ұжымдық бақтар мен бақшалар, саяжай учаскелері жатады;

7) жиналған алқап – ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімі жиналған нақты алқап;

8) жылыжай – бұл жылыжай өсімдіктерін және көшеттерді жыл бойы өсіруге арналған, кез келген жарық өткізетін материалмен жабылған арнаулы жай;

9) көпжылдық дақылдар – жүзім, цитрустық жемістер, шекілдеуікті және дәнекті жемістер, жеміс ағаштарын, бұта және жаңғақтар, құрамында майы бар жемістерді, дәмдеуіштер, хош иісті және фармацевтиқалық дақылдарды, өзге де көпжылғы дақылдар;

10) маусымдық дақылдар – дәнді, бұршақ дақылдарды және майлы тұқымдарды, көкөніс және бақша, тамыр-жемісті өсімдіктерді және түйнежеміс ( картоп, қант қызылшасы), темекі, талшықты дақылдарды (шитті мақта, зығыр, кендір), басқа да маусымдық дақылдар (азықтық дақылдар, гүлдер);

11) себу кешені – бұл топырақты алдын ала өңдеу, тегістеу, себу, тыңайтқыш енгізу және нығыздау сияқты бірнеше агротехнологиялық операцияларды бір мезгілде жүргізе алатын кешен;

12) суармалы ауыл шаруашылығы жерлері – ауыл шаруашылығында пайдалануға және суаруға жарамды тұрақты немесе уақытша суару жүйесі бар жерлер;

13) тікелей сепкіш – анкерлі немесе қашау тісті сіңіргіштермен жабдықталған сепкіш;

14) ұқсатудан кейінгі салмақ (есепке алынатын салмағы) – өнімнің тазартқаннан және кептіргеннен кейінгі алынған, яғни ылғалдылық және ластану дәрежесін шегергендегі нақты салмағы;

15) тұлғалардың дара кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін пайдалануға, сондай-ақ осы өнімді қайта өңдеумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы деп танылады;

16) ылғалресурссақтау технологиясы – бұл технологияның мақсаты топыраққа ең аз әсер ету, топырақтың су режимін жақсарту және егін жинау кезінде сабанды шашып тастау арқылы топырақ бетінде өсімдік қалдығын барынша сақтау;

17) экологиялық таза өнім – экологиялық таза технологиялар және жабдықтардың көмегімен өндірілген және алынған, қолайлы қоршаған ортада

тасымалданған және сақталған, құрамындағы зиянды заттар қоршаған ортаға және адамның денсаулығына залал келтірмейтін өнім.

3. Байқауға іріктемеге түскен шағын шаруа немесе фермер қожалықтары және жұртшылық шаруашылықтары қатысады.

Статистикалық нысан интервьюермен шаруа немесе фермер қожалықтарының немесе жұртшылық шаруашылықтарының басшылары сөзінен толтырылады. Статистикалық нысан шаруа немесе фермер қожалығы немесе жұртшылық шаруашылығы өкілінің қалауы бойынша өз қолымен толтырылады.

Шаруа немесе фермер қожалығы:

1) кәсіпкерлік қызмет ортақ бірлескен меншік базасына негізделген отбасылық кәсіпкерлік нысанында жүзеге асырылатын шаруа қожалығы;

2) өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыруға негізделген фермер қожалығы;

3) бірлескен қызмет туралы шарт негізінде ортақ үлестік меншік базасында жай серіктестік нысанында ұйымдастырылған фермер қожалығы нысандарында болуы мүмкін.

4. Егер ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бірнеше аудандардың және ( немесе) облыстардың аумақтарында жүзеге асырылса, шаруа немесе фермер қожалықтары статистикалық нысанды жеке бланктерде әрбір аумақ бойынша ақпаратты көрсете отырып ұсынады, яғни деректер ауылшаруашылық қызметін өсіру орны бойынша көрсетіледі.

5. Статистикалық нысанда егістік алқабының көлемі, нақты жиналған алқап, түсімді нақты жинау және АШӨСЖ кодтарына сәйкес нысанда көзделген суарылатын жерлер және жекелеген дақылдар бойынша деректерді көрсетумен жаздық дақылдардың солған алқаптары туралы нақтыланған деректер көрсетіледі. Бұл ретте, жұртшылық шаруашылықтарындағы суармалы жерлер және экологиялық таза өнім жинау бойынша мәліметтер статистикалық нысанда көрсетілмейді.

6. 1-бөлімде тіркелген жеріне қарамастан, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласындағы қызметті нақты жүзеге асырудың орны (облыс, қала, аудан, елді мекен) көрсетіледі.

7. 2-бөлімнің 3-бағанында нақтыланған егістік алқаптары туралы деректер ағымдағы жылдың түсіміне кеш егілетін дақылдардың шаруашылықтағы нақты егілген алқабын (мысалы, жазда отырғызылған картоп), күздік дақылдар егісінің толық солған нақты мөлшерін, сондай-ақ егістің шаруашылықта пайдалануын ( дәнге, пішенге және тағы сол сияқты) ескере отырып көрсетіледі. Бұл ретте, солған (есептен шығарылған) егіс алқабы есептен шығару актілерімен расталады.

Оның құрамына, қысқы солғандарын есептен шығарғандағы өткен жылғы егілген күздіктер, дербес ауданға, соның ішінде солған күздіктердің орнына қайта себілгендерді қоса, ағымдағы жылы егілген жаздық дақылдар және осы

жылы егілген көпжылдық шөптер (бүркемесіз), өткен жылдары егілген көпжылдық шөптердің биыл жиналатын ауданы (көктемге сақталған шабындық ауданы) кіреді.

Егер көк азыққа немесе сүрлемге пайдаланылған күздік дақылдар алқабына ағымдағы жылы көктемгі себу аяқталғанға дейін жаздық дақылдар егілсе, онда осы жаздық дақылдар егісі тиісті жаздық дақылдар негізгі егіс ретінде көрсетіліп, жалпы егіс көлеміне енгізіледі. Көк азыққа немесе сүрлемге пайдаланылған күздік дақылдар егісі аралық егіс болып саналады және жалпы егіс алқабына енгізілмейді, сондай-ақ қайталама (аңыздық), қатараралық (тығыз отырғызылған) егістер де жалпы егіс алқабына енгізілмейді.

Жаз кезеңінде солған дәнді және дәнді бұршақ дақылдар (олар жайылымға, пішенге, көк азық пен сүрлемге пайдаланылған жағдайдың өзінде) дәнді дақылдар қатарынан шығарылмайды, демек мал азықтық дақылдар тобына ауыстырылмайды да, бастапқы белгіленген қолданылуы бойынша көрсетіледі.

Егер жазғы кезеңде солған дақылдар орнына басқа дақылдар қайтадан себілсе , онда қайтадан себілген дақылдың егіс алқабы және осы дақылдан жиналған өнім көрсетіледі.

Егер пішенге, көк азыққа немесе сүрлемге арналған дәнді дақылдар егісі іс жүзінде дәнге жиналса, онда олар дәнді дақылдар тобында тиісті дақылдар бойынша көрсетіледі.

Егер көктемде дәнге арналған егістіктің (солғандарының ішінен) жекелеген учаскелері іс жүзінде (ерекшелік ретінде) пішенге, көк пішенге, сүрлемге орылып, тағы сол сияқты қолданылса, онда статистикалық нысанда дәнді егістің азықты дақылға ауыстырылу себептерін түсіндіре отырып, оны құжаттық растаумен, біржылдық шөп немесе сүрлемдік егіс тобында көрсетіледі. Ерекшелікке тек дәнге арналған күріш, тары, қарақұмық секілді кейбір дақылдар егістері жатады.

2-бөлімнің 5-бағанында есепті жылы жинау жұмыстары жүргізілген нақты жиналған алқап: дәнді дақылдар, техникалық дақылдардың және шөп тұқымдары бойынша – өнімі бастырылған алқап (комбайнмен жиналғанын қоса), қалған дақылдар бойынша – есепті мерзімге барлық нақты жиналған алқап, оның ішінде өнімі жиналған, бірақ толығымен есепке алынбаған және кіріске алынбаған алқап қоса көрсетіледі.

Егер әрбір ауыл шаруашылығы дақылы бойынша жиналған алқап егіс алқабынан кем болған жағдайда (егістіктің жазда солуы немесе ауыстыру нәтижесінде), шаруашылықтар солған егістікті есептен шығарудың растауын ұсынады және осындай ауыстыру себебінің дұрыстығын түсіндіреді.

Қайтадан егілген (аңыздық), қатараралық (тығыз отырғызылған) дақылдардың алқаптары тиісті дақылдардың негізгі егістігіне қосылады және жиналған жалпы алқапта көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау негізінен 1 қарашаға дейін аяқталып, осы кезде егістің нақты пайдалануы белгілі болғандықтан, олардың нақты пайдаланылуы бойынша әрбір дақыл түсімінің орылған және жиналған алқабының көлемі туралы деректердің дұрыстығы мұқият тексеріледі.

Дәнді дақылдар, күнбағыс, қант қызылшасы, сондай-ақ мақта өнімін (шитті мақта) және темекіні жалпы жинау – өңдеуден кейінгі салмағында (есепті салмақта), басқа дақылдар бойынша бастапқы кіріске алынған (бункерлі) салмағында белгіленеді.

2-бөлімнің 7, 9-бағандарында дәнді және бұршақты дақылдар бойынша комбайнмен орғанда, дән бастырғышпен бастырғанда және қолмен жинағанда алынған астықтың барлық мөлшері көрсетіледі. Сондай-ақ жерге түскен өнімдердің жиналғаны да ескеріледі.

Толық піскен жүгері собықтарын құрғақ дәнге есептеу былайша жүзеге асырылады: жүгері собықтарының нақты салмағы 0,7 коэффициентке – собықтағы жүгері дәнінің орташа шығымына көбейтіледі.

Темекі бойынша есепті жылғы түсімнің барлық кіріске алынған өнімдері – сатылғанымен қатар шаруашылықта қалдырылғаны немесе жұмсалғаны (есепке алынған салмағына қайта есептегенде) ескеріледі. Темекінің барлық сыныктары ( негізгісімен қатар қосымшасы да) ескерілуі тиіс.

Майлы тұқымдар және май құрамды жемістер бойынша күнбағыстың, рапстың, мақсарының, қышаның, сояның, күнжіттің және басқа да майлы дақылдардың жиналған алқабы және жалпы жиналған тұқымы мен жемісі көрсетіледі.

Картоп бойынша көктемде және жазда отырғызылған картоптың жиналған алқабы мен жалпы жиналған өнімі көрсетіледі.

Азық-түліктік бақшалар бойынша қарбыз бен қауынның жиналған алқабы мен жалпы жиналған өнімі көрсетіледі.

Көкөністер бойынша ашық топырақта, сонымен қоса үлдір астында өсірілген көкөністің жиналған алқабы мен жалпы жиналған өнімі көрсетіледі.

Мал азықтық дақылдар бойынша мал азығына арналған қант қызылшасының, тамыржемістілердің, бақшалықтардың, балауса азықтық жүгерінің жиналған алқаптары, сондай-ақ шөпке, балауса азыққа, тұқымға және жайылымға арналған себілмелі біржылдық және көпжылдық шөптердің шабылу алқаптары көрсетіледі . Шөптер екі және одан да көп шабылған жағдайда статистикалық нысанда тек қана бірінші шабылған алқап көрсетіледі.

Мал азықтық жүгері бойынша мал азығына арналған, сүттеніп-балауызданғанға дейін, сүттеніп-балауызданып және балауызданып піскен жүгерінің жиналған алқабы көрсетіледі.

Біржылдық шөптер және көпжылдық шөптер бойынша біржылдық шөптердің (балауса азықтық күздіктерсіз), өткен жылы күзде егілген алқаптарын қоса көп жылдық шөптердің шабылу алқабы көрсетіледі.

Табиғи шабындықтар мен жайылымдар бойынша шөпке және балауса азыққа арналған табиғи шабындықтар мен жайылымдардың шабылу алқабы көрсетіледі.

Пішен бойынша өз учаскелерінің барлық шабыстарынан жиналған пішен, сондай-ақ ауыл шаруашылық құрылымдарының қоймаларына өткізілгенінен басқа, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының және басқа жер пайдаланушылардың жерінде жиналған пішен көрсетіледі.

Ашық топырақтан жаңадан кесіп алынған гүлдер мың данада көрсетіледі.

2-бөлімнің 7, 9-бағандарында барлық дақылдар бойынша оны жинағаны үшін заттай төлем түрінде берілген өнім де көрсетіледі.

Егер ауыл шаруашылық тауарын өндіруші түсімді тікелей егістік алқабынан немесе тоқтағы бастапқы өңдеуден кейін элеваторға апаратын болса, онда 2-бөлімнің 9-бағанында астықтың элеваторда анықталған салмағы көрсетіледі.

Шаруашылықта статистикалық нысанды толтыру кезінде ауыл шаруашылығы дақылдары тұтастай орылып бітпеген жағдайда, жиналуға тиісті орылмай қалған алқапты ауыл шаруашылығы дақылдарынан жиналатын болжамды түсімді бастапқы кіріске алынған салмақта және ұқсатудан кейінгі салмақта, қалыптасқан орташа түсімділікке сүйене отырып анықтайды. Бұл ретте ағымдағы жылда өнімді жинау жағдайы ескеріледі және 1 қарашадан кейін жағдайлары осыған ұқсас жылдардағы нақты алынған өнім мөлшері туралы деректер қолданылады.

Бастапқы өңдеу статистикалық нысанды ұсыну мерзімінен кейін аяқталған жағдайда өңдеуден кейінгі салмақтағы жалпы түсім туралы деректер бастапқы өңдеуден өткен легі туралы бар деректердің негізінде есептеледі.

8. 3-бөлімнің 1-бағанында барлық жастағы оқшауланған бақтардың, жидектіктердің және жүзімдіктердің алқабы, ал 3-бөлімнің 3-бағанында – оның ішінде, ағымдағы жылы осы екпе ағаштардан түсім алынғанына немесе алынбағанына қарамастан, жеміс беретін жастағыларының алқабы көрсетіледі.

Жеміс-жидек және жүзім ағаштарының жалпы және жеміс беретін алқабы, оның ішінде есептен шығарылған (есептен шығарылған уақытына қарамастан), бірақ томарлары қопарылмаған алқап ескеріледі, осы бағандарға бақтардың оқшауланған учаскелерінің сиреген (сиреу дәрежесіне қарамастан) табиғи алқабы да енгізіледі. Осы 3-бөлімнің 3-бағанына есепті жылы өнім алынған, бірақ есепті құрастыру кезеңіне дейін томарлары қопарылған алқаптар енгізіледі.

Бақтарда жеміс ағаштарының аралығында (қатар аралықтарында) отырғызылған жидекті екпе ағаштары (құлпынай, қарақат, қарлыған, тағы сол сияқты) болса, 3-бөлімнің 1 және 3-бағандарда жидекті екпе ағаштарының ауданы жекелеген алқаптардан және жемісті екпе ағаштарының қатар аралықтарындағы алқаптарынан қалыптастырылады.

9. 4-бөлімнің 4.2-ішкі бөлімінде ағымдағы жылғы өнімге пайдаланылатын бірінші айналымнан қорғалған топырақ алқабы және қорғалған топырақ құрылысының барлық түрінен жиналған түгел өнім көрсетіледі. Екінші және кейінгі айналымдарға пайдаланылатын алқап көрсетілмейді.

Гүл өсіру және гүл көшеттері мың данада көрсетіледі.

Саңырауқұлақ (мицелия) бойынша саңырауқұлақ өнімдерін өсіруге пайдаланылатын алқап ескеріледі және жалпы жиналған өнім көрсетіледі.

10. 5-бөлімде ҚР СТ 1618–2007 "Экологиялық таза өнімдер. Негізгі ережелер" стандарт қағидаларына сәйкес келетін өнім көрсетіледі.

Осы бөлімді шаруа немесе фермер қожалықтары толтырады, бұл ретте ақпарат 2, 3, 4-бөлімдерде көрсетілген дақылдар бойынша тиісті деректерден аспауы қажет екендігі ескеріледі.

11. 6-бөлімде тыңайтқыштардың себілген уақытына қарамастан, ашық және қорғалған топырақтың ауыл шаруашылығы дақылдары егісіне, сондай-ақ көпжылдық екпе ағаштарға (бақ, жидектік, жүзімдік, тұт ағаштары), табиғи шабындықтар мен жайылымдарға ағымдағы жылдың өніміне енгізілген минералдық және органикалық тыңайтқыштар мөлшері көрсетіледі. Алдағы жылдың өніміне ағымдағы жылы енгізілген тыңайтқыштар мөлшері есепке енгізілмейді.

Есепте тек минералдық тыңайтқыштар мөлшері құрамындағы қоректік заттардың 100 пайызына қайта есептеліп көрсетіледі.

Қоректік заттар мөлшерінің пайызы туралы деректерді шаруашылық жеткізуші зауыттардың, бөлімшелердің, базалардың, қоймалардың ілеспе құжаттарынан – шоттарынан, төлем талаптары мен сертификаттарынан алады.

Тыңайтқыштарды нақты салмағында екі ұдай есептемеу үшін күрделі тыңайтқыштар (нитрофоска) бойынша тыңайтқыштардың табиғи салмағының мөлшері – тек азоттық тыңайтқыштар бойынша, ал қоректік заттар азот, фосфор, тағы басқалар бойынша көрсетіледі. Осыдан кейін тыңайтқыштың әрбір түрі бойынша мөлшері жиынтықталып, қорытынды деректер есептің 6-бөлімнің тиісті жолдары мен бағандары бойынша есепке енгізіледі.

Есепте әрбір тыңайтқыш тиісті тобы бойынша жазылады: азотты, фосфорлы немесе калийлі. Ағымдағы жылдың өніміне негізгі тыңайтқышпен қатар үстеме қорек ретінде енгізілетін минералдық тыңайтқыштардың мөлшері көрсетіледі.

Ағымдағы жылы алдағы жылдың өніміне енгізілген органикалық тыңайтқыштар бұл көрсеткішке енгізілмейді.

12. 7-бөлімнің 7.1 және 7.2-ішкі бөлімдерінде минералдық және органикалық тыңайтқыштармен нақты тыңайтылған алқап көрсетіледі.

Нақты тыңайтылған алқап белгілі бір учаскелердегі дақылдардың жалпы егіс көлемінен ағымдағы жылдың өніміне тыңайтқыш тіптен енгізілмеген алқаптың көлемін шегеру арқылы анықталады.

Тыңайтылған алқап жалпы жиынымен қатар әрбір дақылдар бойынша бойынша жалпы егіс алқабынан аспайды.

